



№30 (1664)  
31 қазан  
2017 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

## ФЕСТИВАЛЬ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ ФИЛЬМОВ

В КазНУ им. аль-Фараби прошла Казахстанская программа II Международного фестиваля документальных фильмов тюркского мира. Организаторами мероприятия выступили Федерация журналистов Тюркского мира и КазНУ им. аль-Фараби.

Продолжение на 2 стр.

## АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫН ҰЛЫҚТАУ – ПАРЫЗ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында алға қойылған міндеттерді орындау мақсатында «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің 100 жылдығына орай «Ғасырлар тоғысындағы Алаш идеялары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Шараны республикалық «Ақ жол» демократиялық партиясының қолдауымен ҚазҰУ, Түркия Республикасының Гази университеті және Түркі тарихы қауымдастығы бірлесіп ұйымдастырды.

## НАШ ЦИВИЛИЗАЦИОННЫЙ ВЫБОР

Время меняет реалии жизни быстрее, чем мы успеваем к ним привыкнуть. Например, нынешнее поколение казахстанцев уже стало свидетелем построения нового, информационного общества, феномена, основанного на знаниях, в «отдельно взятой стране». Как средневековая латынь являлась языком науки и технологии эпохи Возрождения, английский язык становится основным языком современной информационной цивилизации, эпохи цифровизации. Поэтому владение английским языком и переход на латиницу – это не мода и не каприз, а веление времени. Согласно статистике, около 80 % стран мира используют латиницу. Нет сомнения, что переход на латинский алфавит будет содействовать быстрому вхождению нашей страны в мировое информационное и виртуальное пространство и его последующему стремительному технологическому и экономическому росту. По общему мнению казахстанских ученых, это не просто смена алфавита, это цивилизационный выбор это подтверждает наше стремление быть частью открытого мира, это – нацеленность на прогресс.

Необходимость латинизации казахского алфавита является одним из основных пунктов стратегического плана Президента Нурсултана Назарбаева по модернизации Казахстана. Еще в 2006 году на заседании Ассамблеи народов Казахстана Елбасы заявил о необходимости рассмотреть вопрос о переводе казахского алфавита на латинскую графику. А 2012 году в Послании «Стратегия «Казахстан-2050» Глава государства заявил, что «ради будущего наших детей мы должны принять такое решение и это создаст условия для нашей интеграции в мир, лучшего изучения нашими детьми английского языка и языка интернета, и самое главное – это даст толчок модернизации казахского языка». А в недавней программной статье Нурсултана Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» обоснована необходимость качественной трансформации массового сознания и модернизации идеологии казахстанцев. Перевод казахского алфавита на латинскую графическую основу обосновывается в статье двумя основными факторами: необходимостью сохранения национальной идентичности и усиления конкурентоспособности Казахстана, которая связана с повышением компьютерной грамотности, знанием иностранных языков и культурной открытостью. Модернизированный на этой основе Казахстан должен сохранить свою национальную идентичность и лучше адаптироваться к глобальным изменениям.

Продолжение на 5 стр.



Ауқымды деңгейдегі шараға отандық ғалымдармен бірге Ресей, Түркия, Қырғызстан мен Монғолия елінің зерттеушілері, архивтер мен мемлекеттік мекеме басшылары, ЖОО өкілдері қатысты.

Конференция жұмысы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күрестеріне жол ашқан «Алаш» идеясы тарихы мен сол бағытқа өмірін арнаған алаш қайраткерлері мен олардың мұрагерлерінің тартысқа толы тағдырының мәнін ашып көрсетуге бағытталды.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идея жасау міндетін өз мойнына алды. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал», – деп көрсеткен болатын. Президиумда сөз сөйлеген ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Елбасы кітабына шолу жасап, тарих қойнауынан сыр шертті. Ғ.Мұтанов «Қазақтың алғашқы саяси партиясы «Алаш» пен Алашорда үкіметінің пайда болуы кездейсоқ құбылыс болған жоқ. Бұл қазақ халқының тәуелсіздік үшін көп ғасырлық күресінің заңды кезеңі болды. «Алаштың» бұрынғы қайраткерлері және ғылыми, шығармашылық интеллигенциясы, қазақтың басқарушы таңдаулы тобының өкілдері қазақ мемлекеттілігінің іргетасын қалады», – деп атап өтті.

Алаш партиясының қызметі белгілі бір шамада Қазақстан тәуелсіздігінің идеялық көзі болып табылды. 100 жыл бұрынғы «Алаш» идеясы қазіргі кезеңде қазақ елінің «Мәңгілік ел» идеясымен тарихи сабақтастықпен үндесіп, рухани жаңғыруға бастама болды. Бұл тұста Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы ұлт санасының сілкінісі мен рухани жаңғыруға тың серпін береді.

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашевтың айтуынша, Елбасы мақаласына

негізделген рухани жаңғыру катпарлы қазақ тарихынан басталады. Ол үшін ең алдымен алаш қайраткерлерін дәріптеу аса маңызды. Осы орайда Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, профессор Зиябек Кабулдинов тарихымызды жаңғырту керектігін алға тартып, өз кезегінде ұлт көсемдерін ұлықтаудың өзектілігін айқындап берді.

Шара барысында алаш қайраткерлерінің ел үшін жасаған қызметтері, олардың ұлттық идеяға адалдығы, «Алаш» идеясы мен «Мәңгілік Ел» идеясы арасындағы тарихи әрі рухани сабақтастық мәселелері көтерілді.

Қазақ тілінде жасаған баяндамасында Гази университетіндегі Түркітану ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор Хүлия Касапоғлу Ченгел ішкі жан тебіренісін жеткізіп, алаш ардақтылары туралы: «Ұлт зиялыларының қайта ояну кезеңінде еткен еңбегі өлшеусіз. Адам құқығынан бастап әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді шығармаларына өзек етті», – деп пікір білдірді. Ол М.Жұмабаев, М.Дулатовтың рухты жырларын оқып, жалынды жастарды жігерлендіре түсті.

Алаш қайраткерлері ұлт-азаттық күрес көсемдері ғана емес, олар ұлттық зиялы қауымның жарқын өкілдері болды. Олардың әрқайсысының қазақ ұлттық сана-сезімін дамытуға, оның білім беру мәдениетін арттыруға қосқан орасан зор үлесін шараға жиналған алаштанушылар мен мемлекет және қоғам қайраткерлері жарыса айтты. Халқы үшін ғұмырларын құрбан еткен ер азаматтар өз заманында қазақтың тарихы мен мәдениетін зерделеп, халқының әлеуетін көтере білді. Ұлтының болашағы үшін адал қызмет ету алаштың асыл азаматтарының өмірлік ұстанымы еді. Конференцияға қатысушылар «Күллі түркі жұртының темірқазықтай жұлдыздарын дәріптеп, ақ жолдарына кір келтірмеу – міндетіміз» деп жастарға үндеу білдірді. Себебі, арда туған алаш ардақтыларына ұлты мен ұрпағы қарыздар.

Жазерке ҚАРАТАЕВА

### БҮГІНГІ САНДА:

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС



2-бет

ЕКІЖАҚТЫ  
БАЙЛАНЫСТЫҢ  
БЕРЕРІ КӨП



3-бет

ТҰЙЫҚСУДАҒЫ ТАУ  
ФИЛОСОФИЯСЫ...



8-бет

**Кезекті ректорат отырысы дәстүр бойынша марапаттау рәсімімен басталды. Республикалық физика-математика мектебінің басшылығы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің белсенді қызметіне ризашылық білдіріп, арнайы алғыс хат табыстады.**

Мәжілісте алғаш болып университеттегі стартап жобалардың қызметі туралы ғылыми-технологиялық парк директоры Әмірхан Темірбаев баяндама жасады. Оның айтуынша, 2012-2017 жылдар аралығында факультеттерде бизнес-инкубаторлар, 30-дан аса стартап компаниялар құрылып, қазіргі күні табысты қызмет етіп келе жатыр. Ә. Темірбаев өз сөзінде технопарктегі «Zertis», «Mars.Studio», «23Academy» стартап жобалары бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға жекеley тоқталды. «Zertis» жобасы Қарағанды қаласында бірінші аэропондық жылыжайын құрды. Жылыжайда тәулігіне 30 кг көкөніс беретін 30 қондырғы жұмыс жасайды. Айта кетерлігі, құрылғылар кәсіпорынның өзінде жасалған. Ал «Mars.Studio» жобасының 2017 жылғы айналымы 56 млн теңгені құрады. Тапсырыс берушілерге 20-дан аса мобильді қосымшалар шығарылып, 40 студент жұмыспен қамтылды. «23Academy» жобасы бойынша Bitrix24 курс және Tilda платформасы өнделуде», — деді технопарк директоры. Осы ретте Ә. Темірбаев технопарк жұмысының мақсат-міндеттерін саралап, инфоқұрылымды жаңарту бойынша жұмыс жүргізу керектігін алға тартты.

Күн тәртібіне сәйкес ректорат мәжілісінде университеттің пәндік рейтингісі мен халықаралық танымалдылығын арттыру долдары сөз болды. Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев хабарламасында ағылшын тіліндегі имидждік жарияланымдар, ғылым индексінің нәтижесі, түлектер,

## КЕЛЕЛІ КЕҢЕС



оқытушы-профессорлық құрамы мен студенттердің жұмысына мән беріп, ТМД елдерінің университет декандарымен қызметін күшейту, кәсіби қауымдастық құру, Еуропа елдерінің университеттерімен Эрасмус бағдарламасы шеңберінде білім бағдарламасын ойластыру, шетелдік серіктестіктерімен ҚазҰУ-дың ғылыми жобаларды бірлесіп ұйымдастыруы сынды міндеттерге басымдық берді.

Өз кезегінде әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева университет сайтының «Имиджбук» бөлімі бойынша

контент жұмыстары аяқталғандығын мәлімдеді. Сайтты жаңарту қызметі барысында «ҚазҰУ-дың ғылыми орталықтары шетелдік серіктестіктерімен» бөлімі құрылып, контент-аудит толықтырылған. Хабарламасында Шолпан Ерболқызы 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап веб-порталдың жаңа дизайны іске қосылатындығын атап өтті.

Шара сонында биология ғылымдарының кандидаты Райгүл Ниязова мен Әсемгүл Сәдуақасоваға профессор ғылыми атағын беру ұсынылып, бұл шешімді ректорат кеңесі бірауыздан мақұлдады.

Ақмарал ӘЛИЕВА

## ҚЫСҚА-НҰСҚА

**ҚазҰУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры Асқар Хикметов «INSPUR» компаниясының өкілдерімен кездесті.**

Шараға «INSPUR» компаниясының жетекшісі Джесси Ванг, өкілі Майкл Тони, халықаралық бизнес бойынша Ресейдегі қызметкері Ольга Чен қатысты.

Жиынды ашқан оқу ісі жөніндегі проректор Асқар Хикметов университет қызметінің басты ғылыми бағыты мен құрылымына тоқталып, ҚазҰУ-да супер-компьютерлік және бұлтты есептеулер орталығын ашу жұмыстары жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Айта кетерлігі, Елбасы Н. Назарбаевтың Қытайға мемлекеттік сапары барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен «INSPUR» компаниясының жетекшілері ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжатта жобаны іске асыру бойынша бірлескен іс-әрекеттің негізгі бағыттары белгіленген.

Кездесу барысында ғылыми-техникалық серіктестік мәселелері жан-жақты талқыланды. Сондай-ақ Қытай делегациясы ҚазҰУ-дың IT-технопаркін көріп, жас ғалымдардың жұмысымен танысты.

Ақмарал ӘЛИЕВА

\*\*\*

**Айналанды нұрландыр жобасы аясында қазан айында «Геодезия және картография» мамандығының 1-курс студенттері топ эдвайзерлері – Г.Мадимарова мен Ж.Маженованың жетекшілігімен «Гүл ек – ҚазҰУ қалашығын түлет» деген ұранмен гүл отырғызды.**

«Жасыл Ел» бағдарламасы бойынша жасалынған іс-шараға көптеген ЖОО студенттері мен қоғам белсенділері қатысуда. Бұл бағдарламаның мақсаты табиғатты қорғау және экологияны сақтауға үндеумен қатар, жастарды еңбекке баулуға да бағытталған. Студенттер білім ордасын көркейтуге ат салысуымыз керек деп есептейді.

Ж. А. МАЖЕНОВА,  
топ эдвайзері

\*\*\*

**Ағымдағы жылдың 24 қазаны мен 11 қараша аралығында Алматы қаласы жастар саясаты жөніндегі басқармасының қолдауымен «Q-Fest» жобасы аясында қалалық деңгейде «Қыз сыны және Жігіт сұлтаны» атты байқауы өтуде.**

Жобаны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Керемет жастар ресурстық орталығы мен Студенттер сенаты ұйымдастыруда. Аталмыш шара «Рухани жаңғыру» бағдарламасын, Алматы қаласында «Жастар жылы» жобасын қолдау және қазақ халқының ұлтаралық бірлігі мен келісімін нығайту мақсатында ұйымдастырылып жатыр. Байқау кезінде жастардың бойындағы жаңа шығармашылық қабілеттерді ашуға арналған түрлі шеберлік сыныптары мен тренингтер өткізіледі.

Жастар байқауын ұйымдастыру жастар арасында халқымыздың салт-дәстүрін насихаттауға, ата-бабаларымыздың мәдениеті жайлы білімді кеңейтуге ықпал етеді. Шара жастар қоғамында салауатты өмір салты идеологиясын қалыптастыруға септігін тигізеді деп күтілуде.

Kaznu.kz

Продолжение. Начало на 1 стр.

Приветствуя всех участников фестиваля, ректор КазНУ им. аль-Фараби Галым Мутанов отметил, что коллектив университета поддерживает эстафету важного международного мероприятия в стенах университета, которая стартовала в Стамбульском университете. Данный проект направлен на сохранение национальных традиций и наследия, а также дальнейшее расширение интеграции турецких стран. В рамках фестиваля был представлен фильм о великом мыслителе Востока Абу Насыре Аль-Фараби, который оставил богатое духовное наследие и ценные труды, среди них наиболее известные «Трактат о взглядах жителей добродетельного города», «Философские трактаты», которые принесли ему известность в Средневековой Европе. Было отмечено, что именем Ал-Фараби был назван Евразийский научно-исследовательский центр, который продвигает идею о добродетельном городе и стал основой проекта «Al-Farabi Smart City» в Казахском национальном университете имени аль-Фараби. Показанный документальный фильм о великом мыслителе Востока Абу Насыре аль-Фараби был дублирован в КазНУ на ТРК Аль-Фараби.

По словам организаторов этот проект стал мощной площадкой для воспитания добродетельных граждан мира. В этой связи роль киноиндустрии и документальных фильмов особенно велика, так как они способствуют зарождению основ нравственности, влияющих на духовные и жизненные принципы подрастающего поколения. Формат данного кинофестиваля в полной мере соответствует духу Великого Шелкового пути и укрепляет духовные ценности и дружеские взгляды турецких стран.

В рамках Казахстанской программы фестиваля состоялся показ лучших документальных фильмов из Казахстана, Турции, Туркменистана, Кыргызстана, России (Башкортостана и Татарстана). В мероприятии приняли участие президент Федерации

## ФЕСТИВАЛЬ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ ФИЛЬМОВ



журналистов турецкого мира и телеканала ORT Мендерес Демир, директор фестиваля Дюран Сахин (Mersin TV), директор культурных проектов муниципалитета г. Стамбула Салих Доган (Турция) и другие зарубежные почетные гости, а также киноведы и авторы фильмов, представители общественности и масс-медиа, студенты вузов.

В свою очередь, руководитель Федерации журналистов турецкого мира, президент телеканала ORT TV Мендерес Демир отметил, что в этом году на фестиваль были отправлены 150 работ из 23 стран и регионов, из них были выбраны 85 лучших документальных фильмов посвященных актуальным социальным, культурным и общественно значимым темам. «В результате голосования

работы были разделены на две категории – «Профессиональные» и «Студенческие работы». Первое и третье места были присвоены авторам-студентам документальных фильмов из университета Кыргызстана. Второе место досталось студентам из Чувашии». В категории «Профессиональные документальные фильмы» первое и второе места получили документалисты из Турции. Третье место присудили профессионалам из Башкортостана.

Международный фестиваль документальных фильмов турецкого мира проводится в ведущих вузах шести стран и ориентирован на молодежную аудиторию.

ПРЕСС-СЛУЖБА

# Ғалымның көшбасшылық дәрісі

Жуырда тарих, археология және этнология факультетінде тарих ғылымдарының докторы, профессор, Германия археология институтының (Берлин қаласы) мүше-корреспонденті Виктор Федорович Зайберт көшбасшылық дәріс оқыды. Археология, этнология және музеология кафедрасы мен «Ұлы дала әлемі» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған, көшбасшылық дәріске факультеттің оқытушы-профессорлары және студенттерімен қатар, өзге де ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелердің қызметкерлері қатысты.



дамуы қалпына келтірілді. Ал қазба жұмыстары 1980 жылы басталған энеолиттік Ботай қонысы әлемге танылған ескерткіштердің бірі болып табылады. Бұл қоныс материалдары жылқы малының Қазақстанда қолға үйретілгендігін дәлелдейді. Сондай-ақ шетелдік ғалымдар қазба кезінде табылған құмаралардан қымыз қалдықтарын анықтаған болатын. Аталмыш қоныстан 365 мыңдай жылқы сүйектері табылған. Қоныстағы баспаналар қалпына келтіріліп, оның қазақтың шошаласына ұқсастығы дәлелденген. Міне, В.Ф.Зайберт және оның әріптестерінің арқасында «қазақ өркениетінің» бірнеше мыңжылдық тарихы бар екендігі тағы да нақтылана түсті.

Университеттегі «Ботай. Жаңа ашылулар» атты тақырыптағы өз дәрісінде В.Ф.Зайберт Ботай қонысы туралы мол мағлұмат берді. Қазба жұмыстарының қалай басталғандығын, оның қай дәрежеде дамығандығын және соңғы жылдары қандай жаңа ашылулар орын алғандығын кеңінен әңгімелеп берді. Зерттеушінің айтуынша, осы жылы Қостанай облысынан Ботай мәдениетіне жататын

тағы бір ескерткіш анықталған. Яғни, келешекте Ботай мәдениетінің таралу аймағы одан да кеңейе түсетіндігі анық. Дәріс соңынан зерттеушіге сан алуан сұрақтар қойылды. Барлығына В.Ф.Зайберт бар ынта-ықыласымен жауап берді.

Айта кету керек, көшбасшылық дәріс ғалымның 70 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келді. Университет басшылығы мерейтой иесін құттықтап, сый-сияпат көрсетті. Кездесуге келген жазушы Марат Уәли, профессорлар Мадияр Елеуов пен Әбдеш Төлеубаев, т.б. әріптестері зерттеушіге ізгі тілектерін білдірді. Олар қуаныш иесіне зор денсаулық, толағай табыстар тілей отырып, оның ғылыми жұмыстарының отандық тарихнамадағы орнын ерекше атап өтті. Жастарды талмай еңбек етуге, далалық ізденістер жүргізген кезде барлық қиындықтарға төзе білуге үндеп, ғалымнан үлгі алуға шақырды.

**Д.С. БАЙҒҰНАҚОВ,**  
археология, этнология және музеология  
кафедрасының профессоры

Биыл Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл. Дербес ұлт болуды, ұлттық үкімет құруды көздеген алаш зиялылары қара бастың қамын емес, дүйім жұртының жоғын жоқтаған еді. Бүгінгі таңда біз Әлихан аталарымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Өз тіліміз, дініміз, бастысы картада ойылып тұрған шекарамыз бар. Бұл бақыт емес пе?!

## АЛАШ ардақтыларына арналады

Алайда қазіргі жастарымыз тәуелсіздікке қалай қол жеткенін біле ме? Бұл сұрақ әр адамды толғандыру керек. Біз өз тарихымызды білгенде ғана мықтымыз! Осы орайда филология және әлем тілдері факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының студенттері алаш перзенттерінің идеяларын насихаттау мақсатында «Мұстафай Шоқай: ұлылық ұлағаты» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Конференцияның шымылдығы Мұстафа Шоқайдың монологымен ашылды. Мұрағаттардан жинаған аса құнды тың деректерді студенттер жауапкершілікпен қорғады. Олардың Мұстафа Шоқай өмірін, қызметін зерттеп, жан-жақты ізденгендері байқалып тұрды.

Мұстафа Шоқайды зерттеген ғалымдар баршылық. Бірақ Қасымхан Бегмановтай Мұстафаны тереңнен зерттегендер саусақпен санарлық. Шоқайтану ғылымында өзіндік орны бар Қасымхан ағаның «Мұстафа Шоқай жолымен» деп аталатын екі томнан тұратын айтулы еңбегі аталып өтіп, Наршоқыдан Берлинге дейін жүріп түсірілген төрт бөлімді деректі фильмінен үзінді көрсетілді.

Мұстафа Шоқайдың өмірі, Түркістан үшін күресі, шығармашылық мұрасы – бүгін бір университет. Қазақ зиялысы Мұстафа Шоқайдай болу – басты міндетіміз. Тск мерейтойларда ғана емес, күнделікті өмірде еліміз деп еміртен қазақтың мандайға біткен жұлдыздарына бас ию қажет-ақ.

**Ф.А. КОЗЫБАҚОВА,**  
ғылыми жетекші;  
**Назым САПАРОВА,**  
филология және әлем тілдері факультетінің  
1-курс студенті

Түркияда Ыстамбұл университеті жанындағы Әл-Фараби орталығының ұйымдастыруымен әлемге әйгілі ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби мен Әбу Әли ибн-Синаның өмірі мен шығармашылығына арналған «Қоғам және адам» тақырыбында халықаралық симпозиум өтті.

Өткен жылы желтоқсан айында ҚазҰУ ректоры, академик Ғ. Мұтанов бастап барған университет ғалымдары дәл осы Ыстамбұл университетінің жанынан әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығын ашқан болатын. Бүгінде орталық ҚазҰУ-дың әл-Фараби орталығымен ынтымақтастық байланыста, бірқатар тың жұмыстарды атқарып келеді. Орталықтың жас ғалымдары жаратылыстану, философия, әлеуметтану салаларында зерттеу жүргізіп, ғылым жолында тер төгуде. Күні кеше ғана

# Екіжақты байланыстың БЕРЕРІ КӨП

өткен халықаралық симпозиум екі университет пен екі орталық жұмыстарының үздік нәтижесі деп білеміз.

Симпозиумға қатысқан ғалымдар Фараби еңбектерінің Ислам және Еуропаға ықпалы жайында мазмұнды баяндама жасап, құнды деректерімен бөлісті. Ал бағдаттық ғалымдар адамзат өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан ірі тарихи тұлғалардың тырнақалды туындыларын кеңінен насихаттау қажеттігін атап өтті. Шараға қатысқан ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы Палтөре Ықтияр да сөз алып, екі жақты байланыстың оң серпін беріп жатқанын тілге тиек етті.

Симпозиум өзекті тақырыптар бойынша ой тарқатты. Әлемнің әр елінен келген ғалымдардың алғашқы легінде университет атынан сөз алып, «Әл-Фараби идеяларының ортағасырлық мұсылман және Еуропа философиясының дамуына әсері» тақырыбында




кең көлемді баяндама жасап өттім. Әл-Фараби әлемдік философия тарихында ең ірі философ кеменгер ойшылдардың біреуі болып табылады, оның философиясы қанша ғасыр өтсе де өзектілігін жоғалтпаған. Әл-Фараби тек қана өз дәуірінің немесе түрік және ислам әлемінің ғана емес, шығыстан батысқа дейінгі әр кезеңде де бүкіл әлемге сәулесін шашқан әлемдік деңгейдегі философ болды. Өзінің жазған еңбектерімен, айтқан ой-пікірлерімен, оның шығыс пен батыстағы ықпалымен белгілі болған ұлы ойшыл – қазіргі дағдарыс ішінде тыпырлаған әлемге ауадай қажет өркениет философиясының ең беделді теоретиктерінің бірі.

Ортағасыр кезеңінде әл-Фараби өзінің философиялық жүйелі ойларымен, логика,

музыка теориясы, астрология, теоретикалық медицина, математика, мемлекет іліміне қатысты еңбектерімен өзіндік ізін қалдырды. Оның ойларын Ибн Сина және Ибн Рушд сияқты кейінгі философтар жалғастырып, Спиноза философиясына және ол арқылы француз философиясына айтарлықтай өз ықпалын тигізді. Демек, әл-Фараби философиясы тек Орта Азия – Таяу Шығыстағы әлеуметтік философиялық идеялардың дамуына әсер етіп қоймай, Батыс Еуропаға да өз ықпалын тигізді деп айта аламыз.

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**  
Әл-Фараби орталығының директоры,  
философия кафедрасының профессоры

Алматы-Ыстамбұл-Алматы



## Мәртебелі МАМАНДЫҚ

Кітапхана – студенттер үшін тәрбие, білім беретін институт, көптеген сауалдардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда. Мәдениет пен өнер ұлы болмайынша, ұлт ұлы болмайды дегендей, егеменді мемлекетіміздің болашағы студенттердің рухани танымдық қабілетін қалыптастыратын мәдени орта – кітапхана. Ал кітапхана мен оқырман арасын алтын көпір ретінде жалғастырушы, кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін – кітапханашылар.



Ізденушілердің алып жатқан білімін қосымша оқу-біліммен толықтыруға көмектесетін мамандық иесі. Ақпаратты беру мен табу, іздестіру жолдарын білуді кітапханашы мамандардың көмегінен жүзеге асыру мүмкін емес. Кітапхана ісі мәдениет саласы ретінде ақпараттық, білім беру және мәдени-ағарту қызметінің негізі болып табылады. Кітапханалардың қайта жанданып, өзгеруінің арқасында жана мыңжылдықта ол мәдени мекемелер арасында жоғары дәрежеге ие болды. Ал, қазіргі кезде адамдардың өскелең талабын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітапханалардың алар орны ерекше.

1996 жылдың 15 қазаны Қазақстан кітапханашыларының бірінші съезінің ашылу күні. Ал 1999 жылы Алматы қаласы әкімшілігінің бастамасымен «15 қазан – Алматы қаласының кітапханалары» күні деп бекітілді. Содан бері жыл сайын Алматы қаласы бойынша барлық кітапхана қызметкерлері мерекені атап өтуді дәстүрге айналдырды. Әл-Фараби атындағы университет кітапханасы да мерекені өз дәрежесінде атап өтті.

Шара кітапхана қызметкерлері мен «Кітапхана ісі» мамандығының 2-курс студенттерінің атсалысуымен өтті. Кеш барысында ән шашу, әсем әуендер шырқалып, түрлі ойындар ұйымдастырылды. Кітапхана қызметкерлері арасынан Айдынғүл Ерекеш «Алтын» әнін шырқаса, студенттер де өнерлерімен кешті жандандырып жіберді. Төл мерекенің аталып өтуіне атсалысқан студенттер – Әділет Әбдіқадір, Дәметкен Мұрзаева, Мөлдір Қанат, Малина Бекмурзаева, Үміт Байжанова, Маржан Нүсіпжанова, Жадыра Әмірова, Айман Сайлаубекті ерекше атап өтуге болады. Сондай-ақ, кітапхана ұжымы университеттің «Парасат» кәсіподағына демеушілік көрсеткені үшін зор алғысын білдіреді.

Болашақ әріптестеріміз кітапханашы мамандардың еңбегі зор екендігін мойындап, ізгі тілектерін білдіріп, сый-сияпаттарын ұсынды. Сондай-ақ кітапхана ісінің әлі де дамытатын тұстары ескеріліп, алдағы міндеттер мен мамандықтың болашағына қатысты ұсыныстар кенінен талқыланды.

Қорыта айтсақ, кітапханашы кітапханада тек кітап беруші емес, ол – үлкен білімділік пен біліктілікті талап ететін қоғамға аса қажетті мамандық.

«Кітапханашы-библиограф» мамандығының қажеттілігін айқындайтын оң пікірлер мен көзқарастар қалыптастыру маңызды. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап кітапхана жұмысында жана технологиялардың енуіне орай білікті де білімді мамандарды даярлау ісінде де зор міндеттер тұр.

Назгүл ДЕНГЕЛБАЕВА

# ЖЫЛУМАССА ТАСЫМАЛДАУ ПРОЦЕСТЕРІН МОДЕЛЬДЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық факультеті жылуфизика және техникалық физика кафедрасы мен ЭТФ ФЗИ жанындағы Жылу масса тасымалдау процестерін модельдеу зертханасының ғалымдары – белгілі қазақстандық жылуфизиктер мен газ динамикасы саласының мамандары профессор Л.А. Вулис пен оның шәкірттері – академик А.Ф.Иоффе мен профессор В.П.Кашкаровтың ізін жалғастырушылар.

Қазіргі таңда зертхананың өз ғылыми мектебі бар. Зертхана шеңберінде атқарылып келе жатқан қызметтер мен жұмыстардың барлығы жылуфизика, жану физикасы теориясы, есептеуіш гидродинамика, жылуэнергетика мен физикалық құбылыстарды модельдеудің іргелі мәселелерін шешуге бағытталған.

Зертхана ғалымдарымен жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеулер ҚР БҒМ-ның іргелі және қолданбалы зерттеулерге арналған бағдарламалары, Ғылым қоры бағдарламалары, INTAS, INCO-COPERNIKUS және DAAD ғылыми бағдарламалары бойынша жүргізіліп келеді. Зертхана қызметкерлері бірнеше рет ғылыми тағлымдамадан өткен, шетелде Германия, Ұлыбритания, Франция, Ресей, Қытайдың жетекші ғылыми орталықтарында Workshopтарға қатысқан және осы елдердің жылуфизика саласында қызмет ететін ғалымдарымен көпжылдық берік ғылыми байланыс орнатқан.

Зертхана жетекшісі профессор Ә.С. Аскаррованың ғылыми-зерттеу бағыты бірнеше саланы қамтиды: физика-химиялық әсерлесетін жүйелердегі конвективті жылу масса тасымалы процестерін модельдеу; энергетикалық құрылғылардағы қатты отындарды жағу процестерін оңтайландырудың жана компьютерлік технологиялары; турбулентті ағындардағы изотермиялық емес сұйық бүркүлердің түзілуі мен дисперсиясын сандық модельдеу; жану камераларының жұмыс істеу тиімділігін арттыру және зиянды шаң-газды қалдықтардың (күл, СО, СО<sub>2</sub>, NO<sub>x</sub>, СН<sub>4</sub> және т.б.) мөлшерін кеміту мақсатында ҚР ЖЭС-на плазма-отын жүйелерін бейімдеу және зерттеу.

Қазіргі уақытта зертханада сұйық бүркілген тамшылардың жануы барысындағы жылу және масса тасымалы процестерін статистикалық модельдеу деп аталатын жана бағыт қалыптасты. Аталмыш көпағыншалы бүркүлердің аэродинамикасын зерттеу бойынша жүргізіліп жатқан сандық модельдеу нәтижелері бүркүдің ауқымды құрылымына толығымен әсер ететін бүркүдің жіктелуі, серіктес ауа мен сұйық ағыншаларының өзара әсерлесуі, қоспаның



құрылымы мен оның түзілуі, екі ағыншаның өзара әсерлесу құбылыстары туралы анағұрлым терең түсінік беретін болады.

Зертхана ғалымдары шетелдік жану және жарылыс физикасы саласында ғылыми-зерттеулермен айналысатын бірқатар ғылыми орталықтармен және жоғары оқу орындарымен үздіксіз байланыс орнатып келеді: Ecole Centrale de Lyon, LMFA (профессор M. Gorokhovski, Лион қаласы, Франция), CORIA/LTH UMR CNRS Université de Rouen (профессор P. Durand, Руан қаласы, Франция), UMR CNRS, IRPHE-IMT Université Aix Marseille (профессор R. Borghi, Марсель қаласы, Франция), Center for Turbulence Research, Department of Mechanical Engineering, Stanford University (профессор P. Moin, Стэнфорд қаласы, АҚШ).

Сонымен қатар бірлескен халықаралық жобалар шеңберінде (INTAS, COPERNICUS, MHTI) кеңес берулер, PhD докторларды даярлау, ғылыми тағлымдамалар төңірегінде іскерлік қарым-қатынастар орнатылған. Орталық Лион университеті (Франция) мен Бауман атындағы ММТУ (Ресей) және Руан университетінің (Франция) ғалымдарымен үздіксіз ғылыми біліктілікті шыңдау және тәржірибе алмасу бар, алынған нәтижелерді талқылау, бірлескен жұмысшы мәжілістерді ұйымдастыру және өткізу, ғылыми-зерттеулерді бағыттауға және дер кезінде қалыптасқан сандық модельдеу салдарынан туындайтын қиындықтарды шешуге түрткі болады.

Зертхана мамандары халықаралық жобалар шеңберінде Германия, Франция, Англия, Чехия, Ресей, Португалия және т.б. елдердің жетекші ғылыми орталықтарында ғылыми тағлымдамадан өткен. Мұндай кездесулерден жинақталған тәржірибе зертхананың жылдық бағдарламасының күнтізбелік жоспарындағы міндеттерді орындауға үлес қосады. Сондай-ақ, мамандар республикалық және халықаралық симпозиумдар, конференцияларға жүйелі

қатысып отырады және жетекші ғалымдармен тандап алынған бағыттың келешегін талқылау – тамшылардың жіктелуі, соқтығысуы, булануы және жануы процестерін зерттеу, осы кезде өтетін процестерді компьютерлік және статистикалық модельдеу облысында жүргізілетін зерттеулердің тиімділігін жоғарылауына алып келеді.

Зертхана ғалымдарының компьютерлік технологияларды жасау және қолдану облысында тәжірибелік және теориялық зерттеу жүргізуге қатысты тәжірибесі мен жоғары біліктілігі шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми және академиялық байланыс орнатуға, студенттер мен оқытушылардың ұшқырлық бағдарламаларын, бірлескен ғылыми топтардың қызметтерін, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік береді.

Халықаралық жобалар төңірегінде жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері мақалалар түрінде алыс және таяу шетелдің импакт-факторлары жоғары халықаралық баслымдарында, халықаралық конференциялардың еңбектерінде баяндама түрінде, жылуэнергетика, техникалық физика және жылуфизика саласында маманданатын студенттер, магистранттар мен PhD докторанттарға арналған монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары түрінде үздіксіз жарияланып отырады.

**Ә.С. АСКАРОВА,**

ф.-м.ғ.д., жылуфизика және техникалық физика кафедрасының профессоры, Жылу масса тасымалдау процестерін модельдеу зертханасының жетекшісі;

**С.Ә. БӨЛЕГЕНОВА,**

жылуфизика және техникалық физика кафедрасының меңгерушісі, профессор;

**П.С. ОСПАНОВА,**

аға оқытушы, PhD

Более тридцати студентов факультета международных отношений КазНУ имени аль-Фараби и Казахстанско-немецкого университета приняли участие в интерактивной игре «Мини-модель ЕС 2017», прошедшей в рамках медиа кампании Европейского Союза по правам человека. Мероприятие организовано представительством Европейского Союза в Казахстане в партнерстве с Европейским информационным центром при КазНУ им. аль-Фараби.

Игра «Мини-модель ЕС 2017» – это интерактивная ролевая игра, в ходе которой студенты-участники примерили на себя роль дипломатов, представляющих позиции стран ЕС и Казахстана по вопросам сотрудничества в области защиты основных прав и свобод человека (в области социальной защиты, здравоохранения, образования, культуры, спорта и туризма).

## «Мини-модель ЕС 2017»

Основными целями игры являются развитие и совершенствование у студентов критического мышления, навыков публичного выступления и ведения переговоров, ознакомление с методологией и техникой проведения исследований, расширение их общего кругозора, а также продвижение основополагающих ценностей в области прав человека.

Жюри «Мини-модели ЕС 2017» были посол, глава представительства ЕС в Казахстане Траян Христеев, первый проректор КазНУ им. аль-Фараби Мухамбеткали Буркитбаев, декан факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби Сагынғали Айдарбаев, директор Европейского информационного центра Куралай Байзакова и эксперты.

Всем участникам интерактивной игры организаторы вручили призы и сертификаты, а

победителям специальные подарки.

Глава представительства ЕС в Казахстане Траян Христеев отметил, что «ЕС привержен продвижению и защите прав человека. В Казахстане мы продолжаем участвовать в дискуссиях по правам человека в различных форматах. Данная студенческая игра является одной из платформ для таких дискуссий. Мы приветствуем отличные знания студентов о правах и свободах человека, которые они продемонстрировали сегодня».

Данное мероприятие положило начало медиа кампании Европейского Союза в Казахстане, посвященной правам человека, которая пройдет под эгидой #EU4HumanRights.

Факультет международных отношений

**Шығыстану факультетінің оқытушылары «Sakura Network» бағдарламасының аясында Семей, Қызылорда және Өскемен қалалары мектептерінде кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізді**

Продолжение. Начало на 1 стр.

# НАШ ЦИВИЛИЗАЦИОННЫЙ ВЫБОР

Идея перехода на латиницу возникла не на пустом месте. Имеется положительный опыт других стран и народов Востока по введению латинского алфавита. После распада СССР целый ряд республик отказались от использования кириллицы. Из пяти тюркоязычных стран СНГ к использованию латинского алфавита на сегодняшний день перешли три – Азербайджан, Узбекистан и Туркмения. Лидером в этой сфере оказался Азербайджан. Переведенный на латинскую графику в 1991 году азербайджанский алфавит оказался близок к орфографическим нормам турецкого языка. «В первый год мы печатали латинским алфавитом учебники, а во второй – газеты. Потом менялась уличная реклама. – процедура заняла у нас пять лет», – рассказывал бывший министр образования Азербайджана Ф. Джалилов. В 1992-1993 годы за Азербайджаном последовала Туркмения, где латиница с 2000 года стала единственным допустимым видом письма на туркменском языке, а кириллица была полностью вытеснена. В 1993 году был опубликован закон о переводе на латиницу узбекского алфавита, который стал воплощаться в жизнь с 1996 года.

Создание единой коммуникационной базы для братских народов – это не дань моде, это возврат к корням. Таким образом благодаря переходу на латиницу родственные народы сближаются на новой цивилизационной основе.

Из нетюркских стран СНГ на латиницу еще в 1989 году перешла Молдова, где был фактически введен румынский латинизированный алфавит. Идеи порвать с кириллицей были и в тех бывших советских республиках, где она использовалась испокон веков. Бывший президент Украины Виктор Ющенко в 2005 году подготовил проект декрета о переходе на латинский алфавит. Изменения должны были вводиться постепенно, в целях, как говорилось в документе, «ускорения интеграции Украины со структурами ЕС». У каждого из регионов должен был быть свой график: в первую очередь латиница должна была вводиться на западе страны, потом в Киеве и в Крыму, и в конце в восточных и южных областях, где проживает многочисленное русское меньшинство.


О стремлении перехода на латиницу других славянских народов красноречиво говорит заголовок статьи из интернета – «На Балканах кириллица стремительно выходит из моды».

В первые десятилетия советской власти поднимался также вопрос перевода русского алфавита на латиницу. В 1929 году Наркомпрос РСФСР образовал комиссию по разработке вопроса о латинизации русского алфавита во главе с профессором Н.Ф. Яковлевым и с участием лингвистов, книговедов, инженеров-

полиграфистов. Всего в комиссию входило 13 человек, в том числе: А. М. Сухотин, Л. И. Жирков (имевшие опыт создания алфавитов вместе с Н. Ф. Яковлевым), А. М. Пешковский, Н. М. Каринский, С. И. Абакумов (известные русисты), В. И. Лыткин (секретарь, первый лингвист из народа Коми). Комиссия завершила работу в январе 1930 года. Итоговый документ предлагал три варианта русской латиницы, чуть отличавшиеся друг от друга, они были опубликованы в № 6 «Культуры и письменности Востока» за 1930 год. Из протокола заседания комиссии от 14 января 1930 года: «Переход в ближайшее время русских на единый интернациональный алфавит на латинской основе – неизбежен». 25 января 1930 года Политбюро ЦК ВКП(б) под председательством Сталина дало поручение Главнауке прекратить разработку вопроса о латинизации русского алфавита. До практической реализации проекта дело не дошло...

